

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қыркүйек N 1055 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.10. N 1300 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 6, 40-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде:

20-тармақтың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) экономикалық орындылығы және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатын негізгі бағыттарына жобаның сәйкес келуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау шеңберінде - қаржылық орындылығы және жобаның қамтамасыз етілуі мәселелері бойынша - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен;"

20-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

23-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23-1. Кеңсе Үкімет қаулысының жобасы Кеңседе тіркелген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей Үкімет мүшелеріне (Премьер-Министрді, оның орынбасарларын және әзірлеуші жобаны келісуді жүргізген адамдарды қоспағанда) дауыс беру рәсімдерін жүргізу үшін жобаның (күпия және кадрлық жобалардан басқа) электронды көшірмелерін жібереді. Жобаға қосымшалар Үкімет мүшелеріне оларға қатысты бөлігінде ғана дауыс беру үшін жіберілуі мүмкін. Жобалардың көшірмелері электронды почта арқылы таратылады.

Үкімет мүшелерінің дауыс беру мерзімі қаулылар жобалары бойынша жобалардың электронды көшірмелерін таратқан күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспауы тиіс. Дауыс беру мерзімі аяқталғаннан кейін Үкімет мүшелері Кеңсеге жобалар бойынша өзінің пікірін білдіретін жазбаша жауаптар жібереді. Үкімет мүшесінен жазбаша жауап түспеген жағдайда, Үкімет мүшесі жобаның

қабылдануына ескертпелерсіз дауыс берді деп саналады. Үкімет қаулыларының жобалары бойынша дауыс беруді Үкімет мүшелері алмасу құқығынсыз жүзеге асырады." ;

36-тармақтың екінші абзацындағы және 39-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 маусымдағы N 3044" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 873" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-тармақтың екінші абзацындағы "бір ай мерзімде" деген сөздер "15 күндік мерзімде" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-тармақтың бесінші абзацтағы "бір ай мерзімде" және "сауда" деген сөздер тиісінше "25 күндік мерзімде" және "бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылсын, ал "қаржы" деген сөз алынып тасталсын;

40-1-тармақтың бесінші абзацындағы және 40-2-тармақтың бірінші абзацындағы "Қаржы" деген сөз "Экономика және бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі